«Бекітемін»
Мектеп-лицей директоры: Ж.Сапаров

«Шардара» мектеп-лицейінің мектепішілік ата – аналар жиналысының жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Жүргізілетін жұмыстар	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
I отырыс	**Жаңа оқу жылының басталуы** **Тақырыбы: Бала тәрбиесі баршамызға ортақ»** **Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1.2024-2025 оқу жылының мақсат,міндеттерімен таныстыру «Біртұтас тәрбие бағдарламасын таныстыру» 2.Ата аналар комитетін сайлау 3.Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың ,өз-өзіне қол жұмсауды болдырмаудың алдын алу шаралары туралы 4. Мектептің ішкі тәртіп ережесі мектеп ережесі туралы ата-аналарға түсіндіру Мектеп формасы туралы	Хаттама	ДТЖЖО: А.Есенбаева,С.Динасилов, Г.Ахатова	Қыркүйек айының I аптасы
II отырыс	**Тақырыбы: «Тәртіп бұзушылықтар және олардың салдары»** **Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудағы отбасының рөлі» баяндама.	хаттама	ДТЖЖО: А.Есенбаева,С.Динасилов, Г.Ахатова Мектеп инспекторы: К.Жанықұлов	II тоқсанда Қараша айы

	2. «Салауатты өмір салтының құрылымы», Нашақорлық, есірткі проблемасы және оны алдын алу. Отбасындағы адамгершілік тәрбиесі. 3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу. Құқық бұзушылық үшін ата-аналар мен жасөспірімдердің жауапкершілігі. 4. "Зорлық – зомбылықтың алдын алу. Отбасы, мектеп, қоғам мәселесі" 5. 2024-2025 оқу жылының 1-тоқсан қорытындысы. Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары			
III отырыс	**Тақырыбы: «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы»** **Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1.«Баланың қауіпіздігі маңызды» (түнгі рейд, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша) 2.«Суицидті және жағымсыз ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қауымдастықтардың алдын алу жұмыстары туралы ақпарат 3. « 2024-2025 оқу жылындағы есепке алу санатына жататын (аз қамтылған, көп балалы,қолайсыз, жетім балалар және жартылай жетім қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере	хаттама	ДТЖЖО: А.Есенбаева,С.Динасилов, Г.Ахатова Педагог-психолог: Ф.Жумабаева ,Р.Кеңес Мектеп инспекторы: К.Жанықұлов	III тоқсанда Қаңтар айы

	отырып рейдтік жұмыстардың өткізілуі			
IY отырыс	**Тақырыбы: «** **Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1. «Әр отбасындағы бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» 2. «Оқушы қауіпсіздігіне байланысты жалпы ережелерді ата-аналарға кеңестер беру 3. «Зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат	хаттама	ДТЖЖО: А.Есенбаева,С.Динасилов, Г.Ахатова Педагог-психолог: Ф.Жумабаева ,Р.Кенес Мектеп инспекторы: К.Жанықұлов	IY токсанда Наурыз айында
Y отырыс	**Сабақтың аяқталуы** **Тақырыбы:** Жазғы каникул кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі мен демалысы» **Күн тәртібіндегі мәселелер:** 1. Оқу- тәрбие жұмысының қортындысы 2. «Жазғы лагерь жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы 3.Жазғы демалыс уақытындағы оқушылардың қауіпсіздігі 4.Жаңа оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы 5. 9-11 бітіруші сыныптарда қорытынды емтихан т.б кезінде ата-аналардан ақша жиналмайтыны туралы таныстыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шаралар	хаттама	ДТЖЖО: А.Есенбаева,С.Динасилов, Г.Ахатова Педагог-психолог: Ф.Жумабаева ,Р.Кенес Мектеп инспекторы: К.Жанықұлов	Мамыр айы соңғы аптасы

Дайындаған:
ДТЖЖО: Г.Ахатова

«Шардара» мектеп-лицейінің «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» тақырыбында өткізілген жалпы ата-аналар жиналысының Хаттамасы 1

Шардара қаласы

06.09.2024ж

Төрағасы: Ж.Сапаров
Хатшы: С.Жексенбаева
Қатысқандар саны: 227

Мұғалімдер, сынып жетекшілер, Қамқоршылық кеңес мүшелері, психологтар, әлеуметтік педагогтар т.б

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Бала тәрбиесі баршамызға ортақ»

Күн тәртібіндегі мәселелер:

Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру
Мектептегі мектеп формасының сақталуы
Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, буллинг пен қылмысқа жол бермеу, кешкі уақыттағы оқушылардың қозғалыстарын шектеу
«Мектепке жол» қайырымдылық акциясының және оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы

Тыңдалды:

Мектеп-лицей директоры- Ж.Сапаров мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырып мектептің ішкі тәртіп ережелерін түсіндірді. Тәртіп ережелерін сақтау қажеттілігі, ережелерді бұзудың салдары талқыланды. Ата-аналарға ережелердің көшірмелері берілді.

ДТЖЖО –Г. Ахатова мектептегі мектеп формасының сақталуы, мектеп формасы бойынша талаптарды түсіндіріп өтті. Форманың сақталуын қадағалау туралы ескерту жасалды. Оқушылардың мектеп формасына байланысты мәселелерді ата-аналармен бірлесе отырып шешу қажеттілігі айтылды.

ДТЖЖО- С.Динасилов. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, буллинг пен қылмысқа жол бермеу, кешкі уақыттағы оқушылардың қозғалыстарын шектеу,жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары талқыланды. Буллинг және қылмысқа жол бермеу үшін қабылданатын шаралар туралы мәлімет берді. Кешкі уақыттағы оқушылардың

қауіпсіздігін камтамасыз ету мақсатында, олардың жүріп-тұруын қадағалау қажеттілігі айтты.

Әлеуметтік педагог – К.Мұсақұлова. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының және оқушылардың ыстық тамакпен камтылуы туралы айтып өтті. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының нәтижелері туралы есеп берді.Оқушылардың ыстық тамакпен камтылуы мәселесі талқыланды. Ыстық тамакпен камтамасыз ету жүйесі мен сапасы туралы ата-аналардың пікірі сұралды.

Қаулы етеді:

Барлық ата-аналар мектептің ішкі тәртіп ережелерін орындауға міндетті екендігі туралы ескертілді.

Мектеп формасын сақтау бойынша қатаң бақылау жұмыстары жүргізілсін.

Оқушылардың кешкі уақыттағы қауіпсіздігі үшін ата-аналармен бірлесе отырып жұмыстар атқарылсын.

«Мектепке жол» акциясы мен ыстық тамақ мәселелері бойынша ұсыныстар ескеріліп, қажетті шаралар қабылдансын.

Жиналыс төрағасы: Ж.Сапаров

Жиналыс хатшысы: С.Жексенбаева

«Шардара» мектеп лицейінде I тоқсанының қорытындысы бойынша өткізілген жалпы ата-аналар жиналысының

Хаттамасы

Өткізілген күні: 06 қараша 2024 жыл
Өткізілген орны: мектеп акт залы
Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудағы отбасының рөлі» тақырыбында баяндама.
2. «Салауатты өмір салтының құрылымы», нашақорлық, есірткі проблемасы және оның алдын алу. Отбасындағы адамгершілік тәрбиесі.
3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу. Құқық бұзушылық үшін ата-аналар мен жасөспірімдердің жауапкершілігі.
4. «Зорлық-зомбылықтың алдын алу. Отбасы, мектеп, қоғам мәселесі».
5. 2024–2025 оқу жылының I тоқсанындағы тәртіп, сабаққа қатысу және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының қорытындысы.

Тыңдалды:

1.Ж.Сапаров –мектеп-лицей директоры.Ата-аналарға қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтау, мектептің ішкі тәртіп талаптарын орындау, өз құқықтары мен міндеттерін білу қажеттігі түсіндірілді.Ата-аналарға кәмелетке толмаған баланың тәрбиесі мен қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау, оның мінез-құлқына және қоршаған ортасына көңіл бөлу қажеттігі ескертілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу мәселесі талқыланды.
2.К.Жаныкұлов –мектеп инспекторы. Салауатты өмір салтының құрылымы», нашақорлық, есірткі проблемасы және оның алдын алу, сондай-ақ отбасындағы адамгершілік тәрбиесі мәселелері қарастырылды.
Жасөспірімдердің денсаулығына зиян келтіретін әдеттердің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен айналысу, дұрыс тамақтану және бос уақытты тиімді пайдалану туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
3. С.Лаханов-ата-аналар төрағасы.Сонымен қатар отбасындағы өзара сыйластық, жауапкершілік, адалдық, мейірімділік және үлкенді құрметтеу сияқты адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығы атап өтілді.
4.З.Есенбетова – сынып жетекші. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудағы отбасының рөлі» тақырыбында баяндама жасады.
Баяндама барысында жасөспірімнің мінез-құлқының қалыптасуына отбасының ықпалы ерекше екендігі айтылды. Ата-ананың баламен үнемі байланыста болуы, оның бос уақытын тиімді ұйымдастыруы, достық ортасына назар аударуы және мектеппен

тығыз қарым-қатынас жасауы құқық бұзушылықтың алдын алудың маңызды шарттары екені түсіндірілді.

Ата-аналарға бала тәрбиесінде жауапкершілікті күшейтіп, жасөспірімнің сабаққа қатысуын, тәртібін және бос уақытын бақылауда ұстау ұсынылды.

5.Ф.Жумабаева-педагог-психолог.«Зорлық-зомбылықтың алдын алу. Отбасы, мектеп, қоғам мәселесі» тақырыбында түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Зорлық-зомбылықтың кез келген түріне жол бермеу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қиын жағдайға тап болған жағдайда сенімді ересек адамнан көмек сұрау қажеттігі айтылды.Ата-аналарға балаға құрметпен қарау, оның пікірін тыңдау, отбасында қолайлы психологиялық орта қалыптастыру және туындаған мәселелерді мектеппен бірлесе отырып шешу ұсынылды.

6. С.Динасилов-ДТЖЖО.I тоқсан барысында оқушылармен құқықтық сауаттылықты арттыру, құқық бұзушылықтың, зиянды әдеттердің және зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілгені атап өтілді.Ата-аналарға балалардың сабаққа тұрақты қатысуын, мектеп тәртібін сақтауын және бос уақытын тиімді өткізуін бақылау қажеттігі ескертілді.

Ата-аналар тарапынан бала тәрбиесінде отбасы мен мектеп арасындағы байланысты одан әрі нығайту, оқушылардың қауіпсіздігі мен тәртібіне бірлесіп бақылау жасау жөнінде ұсыныстар айтылды.

Қалуы етеді:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша сыныпта түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.
2. Ата-аналар балаларының сабаққа қатысуын, тәртібін және бос уақытын бақылауды күшейтсін.
3. Отбасында адамгершілік, жауапкершілік, өзара сыйластық және мәдени қарым-қатынас құндылықтарын қалыптастыруға ата-аналар ерекше көңіл бөлсін.
4. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу мақсатында ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.
5. Зорлық-зомбылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау бойынша профилактикалық жұмыстар жалғастырылсын.
6. 2024–2025 оқу жылының I тоқсанындағы тәртіп пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп бағаланысын.

Жиналыстың төрағасы: Ж.Сапаров

Хатшы: Ғ.Ахатова

Шардара» мектеп лицейінде I тоқсанының қорытындысы бойынша өткізілген жалпы ата-аналар жиналысының

Хаттамасы 3

Күні: 15 қаңтар 2025 жыл
Өткізілген орны: Мектеп акт залы
Қатысқандар: Жалпы ата-аналар кеңесінің төрағасы, мектепішілік қамқоршылық кеңесінің төрағасы, «Аналар» кеңесінің төрайымы,мектеп әкімшілігі, ата-аналар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Түнгі рейдтік іс-шараларды ұйымдастыру және құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары туралы.
2. Суицидті және жағымсыз ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілер мен интернет қауымдастықтардың алдын алу жұмыстары туралы.
3. 2024–2025 оқу жылында есепке алу санатына жататын (аз қамтылған, көпбалалы, қолайсыз отбасы, жетім және жартылай жетім) балалардың отбасындағы озара қарым-қатынасын анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыстарды ұйымдастыру туралы.

1.С.Динасилов –ДТЖЖО.Түнгі уақытта кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың алдын алу және олардың заңды өкілдерінің жауапкершілігін арттыру мақсатында жүргізілетін рейдтік жұмыстар туралы түсініктеме берді. Ата-аналарға кәмелетке толмаған балалардың түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз тұрғынжайдан тыс жерде жүруінің алдын алу, баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігі түсіндірілді.

2.К. Жанықұлов-мектеп инспекторы. Рейд барысында оқушылардың түнгі уақытта себепсіз көшеде жүруіне, ойын-сауық орындарында болуына жол бермеу, ата-аналармен профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігі атап өтілді.

3.Мектеп психологі Ф.Жумабаева әлеуметтік желілердегі суицидті, өзін-өзі зақымдауды және жағымсыз мінез-құлықты насихаттайтын мазмұнның балаларға кері әсері туралы ақпарат берді.

Ата-аналарға баланың интернеттегі қауіпсіздігін бақылау, әлеуметтік желілердегі белсенділігіне назар аудару, баламен сенімді қарым-қатынас орнату және оның көңіл-күйіндегі өзгерістерге бейжай қарамау қажеттігі түсіндірілді.

4.А.Есенбаева –ДТІЖЖО.Сонымен қатар күмәнді интернет қауымдастықтарға қосылу, зиянды ақпаратты тарату немесе оған қызығушылық таныту жағдайлары байқалған кезде мектеп психологіне, сынып жетекшісіне және мектеп әкімшілігіне дер кезінде хабарлау қажеттігі айтылды.Ата-аналарға балаға қысым көрсетпей, оның мәселесін тыңдау және психологиялық қолдау көрсету маңызды екендігі түсіндірілді.

5.Қ.Мұсақұлова-әлеуметтік педагог. 2024–2025 оқу жылында әлеуметтік есепке алу санатына жататын балалармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстар туралы баяндады.Атап айтқанда, аз қамтылған, көпбалалы, қолайсыз отбасыларда тәрбиеленіп жатқан, жетім және жартылай жетім балалардың тұрмыс жағдайын, ата-ана мен бала арасындағы озара қарым-қатынасты, баланың тәрбиесі мен қауіпсіздігін анықтау мақсатында рейдтік жұмыстар жүргізілетіні айтылды.

Рейд барысында отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, баланың оқуына және тәрбиесіне ата-ананың қатысуы, баланың отбасындағы психологиялық ахуалы және ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас зерделенетіні түсіндірілді.
6.С.Лаханов-ата-аналар төрайымы.Ата-аналарға бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, оның қауіпсіздігі мен қалыпты дамуына жағдай жасау қажеттігі ескертілді.

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға мектеп әкімшілігі, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог және психолог тарапынан түсіндірме берілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Кәмелетке толмаған балалардың түнгі уақытта қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы профилактикалық жұмыстарды жалғастыру.
2. Ата-аналар балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастырып, түнгі уақытта олардың қауіпсіздігіне бақылау жүргізсін.
3. Оқушылардың әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарын пайдалануына ата-аналық бақылау жасау және зиянды контенттің алдын алу жұмыстарын күшейту.
4. Баланың көңіл-күйіндегі, мінез-құлқындағы және қарым-қатынасындағы өзгерістерге ата-аналар тарапынан дер кезінде назар аударылсын.
5. Әлеуметтік есепке алу санатына жататын балалардың отбасылық жағдайын зерделеу мақсатында рейдтік жұмыстар қолданыстағы тәртіпке сәйкес жүргізілсін.
6. Рейд барысында анықталған мәселелер бойынша ата-аналармен жеке профилактикалық және түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
7. Ата-аналар бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, мектеппен тығыз байланыста жұмыс жүргізсін.

Жиналыс төрайымы: Л.Құлмаханбет

Хатшы: Г.Ахатова

«Шарлара» мектеп-лицейінде2024-2025 оқу жылын қорытындылау бойыншаата-аналармен өткізілген жиналыс

Хаттамасы № 4

Шарлара қаласы **22.05.2025 ж.**

Қатысқандар саны- 337

Қатысқандар:

«Шарлара» мектеп-лицейінің директоры-Л.Ө.Құлмаханбет

Шарлара АПБ ҚКБ КТІЖ УПИ полиция капитаны – Д.Танабай;

«Шарлара» мектеп-лицейінің жалпы ата-аналар кеңесі төрағасы- С.Лаханов

ЛТЖЖО – Г.Т.Ахатова;

Педагог-психолог - Ф.З.Жумабаева

Сынып жетекшілері. 9-11 сынып ата-аналары.

Күн тәртібінде:

1.Түлектердің емтихан алдындағы стрессін басқару және ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету әлістерін түсіндіру жұмыстарын алдын ала жұмыстары.

2. Түлектердің құқықтық жауапкершілігін, түнгі уақыттағы шектеулерді (сағат 23:00 ден кейін) және отбасының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, орынсыз шығындардың алдын алу жұмыстары туралы.

3. Құқықтық жауапкершілік және Қауіпсіздік туралы.

Тыңдалды:

1.Л.Ө.Құлмаханбет-мектеп-лицей директоры. Жиналыстың басты мақсаты оқу жылының аяқталуы кезінде түлектердің қауіпсіздігі мен психологиялық саулығын қамтамасыз ету, мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестікті нығайту екендігін айтты.Бала тәрбиесі баршамызға ортақ дей келе, мектеп пен ата-ана бірлескенде тәрбиелі ұрпақтарымыз болары анық деді. Балаңыз қауіпсіз ортада қалыптасын өсуі үшін, ата-алдымен отбасындағы қауіпсіздікке жол бермеуі керек деді.

2. С. Лаханов – ата-аналар кеңесінің төрағасы. Бала өмірінің қауіпсіздігі үшін жасалынып жатқан ата-аналар жиналысының бағыты дұрыс екендігін айтты. Қазіргі таңда балалардың тәрбиесі өте қиын жағдайда тұрағндығын айты. Ұлы телефонды шектен тыс пайдаланудың зияны мол екендігін айтты. Балаларды еңбекке баулып өсірген дұрыс, буыны қатайып, әрбір заттың құнын, бағасын білетін болады деді. Осындай жиналыстарға қатысып отырғанымыз

дұрыс деді. Бала мектепте білімді де, тәрбиені де қатар алады. Сондықтан балаларымызды мектеп ережесіне сай жүргізуіміз керек. Сабақтан себепсіз қалдырмауымыз керек, мектептен балалардың үйренері мол деді. Жиналыс соңында келген ата-аналар мен мұғалімдерге алғысын айтып, ақ батасын берді.

3.С.Дінәсілов–ДТЖЖО. Түнгі уақыт: Сағат 23:00-ден кейін кәмелетке толмағандардың ересектерсіз көшеде жүруіне заңмен тыйым салынатындығы туралы айтып өтті. Қоғамдық тәртіп бойынша ягни мерекелік шаралар кезінде спирттік ішімдіктер мен тыйым салынған заттарды қолданудың, теріс әдеттердің алдын алу бойынша да тоқталып өтті. Қауіпті орындар жайында толық айтты. Судағы қауіпсіздік бойынша, шомылуға тыйым салынатын жерлерге шомылуға болмайтындығын және ата-аналарынсыз барып шомылмау керектігін айтты.Жолда жүргенде жол қауіпсіздігін сақтау керкетігін және интернеттегі кибербуллинг мәселелерін қадағалау керектігін айтып өтті.

4.Ф.Жұмабаева –педагог-психолог. Жадынаманың мақсаты түлектердің мектеп қабырғасынан дербес өмірге қадам басу кезеңінде олардың құқықтық қауіпсіздігі мен психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету. 9-11 сынып оқушылары — балалық пен ересектік арасындағы өтпелі кезеңдегі тұлғалар. Бұл уақытта жасөспірімнің автономияға ұмтылуы табиғи құбылыс. Біздің ортақ мақсатымыз — жауапкершілікті сезінетін, өз эмоциясын реттей алатын саналы азамат тәрбиелеу.

Сұралған кеңес: Ақыл-кеңесті тек бала өзі көмек сұрағанда ғана беріңіз. Бұл оның жауапкершілікті өз мойнына алуына көмектеседі деді.

9-11 сынып ата-аналарына арналған қауіпсіздік және заңдылық жалынамасымен таныстырып өтті.

Келесі іс-әрекеттерге **ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

Банкеттер мен мейрамхана шығындары: Мейрамханаларда, дәмханаларда немесе жалдамалы пәтерлерде ойын-сауық кештерін ұйымдастыру;

Автокортеждер: Қымбат көліктерді жалдап, көшелерде шеру ұйымдастыру (бұл жол қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіреді);

• **Шектен тыс ысырапшылдық:** Салтанатты шаралар үшін тым қымбат киімдер мен аксессуарлар сатып алу.

Бұл шектеулер барлық оқушылар үшін **әлеуметтік теңдік** орнату және ата-аналарға

Қаулы етеді:

1.Түлектердің емтихан алдындағы стрессін басқару және ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету әдістерін түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2. Түлектердің құқықтық жауапкершілігін, түнгі уақыттағы шектеулерді (сағат 23:00-ден кейін) және отбасының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, орынсыз шығындардың алдын алу түсінік жұмыстары жүйелі атқарылсын.

3. Құқықтық жауапкершілік және Қауіпсіздік туралы сынып сағаттары өткізілсін.

Жиналыс төрайымы: Л.Ө.Құлмаханбет

Хатшы: Г.Ахатова

«Шардара» мектеп-лицейінде «Бала біздің болашағымыз» тақырыбында өткізілген жалпы ата-аналар жиналысы
Хаттамасы №5

Шардара қаласы **02.05.2025ж**
Қатысқандар саны- 102

Күн тәртібінде:

1. Бала өмір қауіпсіздігін сақтау туралы.
2. 25 мамыр «соңғы қоңырау» мерекесіне орай, ата-аналар мен мектеп бітірушілер түлектерінің қаржы жинамауы туралы.
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Л.Құлмаханбет- мектеп-лицей директоры. Жиналысты ашып, күн тәртібіндегі мәселелерімен таныстырып шықты. Бала үшін бас ұстаз – ата –ана екенін ескерсек, жақсы ата-ана бола білу аса жауапты іс!
Баланы жастан... деп бұрынғы ата-бабамыз ойып тұрып айтып кеткен. Осы бір ауыз сөзде қаншалықты терең ұғым, мағына жатыр десеңізші.
«Баланды аясаң аяма» деп айтылған демек, баланы еңбекке баули отырып тәрбиелеуіміз керек. Қазіргі таңда ата-аналар балдарын шектен тыс жақсы көріп, еркелетіп жібергеннің салдарынан балдарымыз ештемнің қадір -қасиетіне жетпей отыр. Таң азаннан қара кешке дейін ұлым, қызым қиналмасын деп табыс табу көзімен жүреді. Сол еңбегіңізді балаңыз қаншалықты деңгейде бағалай алып отыр дегім келеді. Тәрбиеден бір қалт етіп қателік жіберіп алсаңыз, балаңыздың тәрбиесінде соншалықты олқылықтар кете береді деді.
Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылының аяқталуына санаулы күндер қалағанын айта келіп, ата-аналарға балдарының сынып жетекшілеріне не мұғалімдеріне сый-сияпат жасау үшін қаржы жинамауларын айттып өтті. Қандайда бір қаржы жинау фактісі орын алғанын білсеңіз бізге яғни, мектеп басшылығына хабар берулерін айтты. Буыны қатпаған балаларымыздың қаражат жинап сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге сыйлық жасағаннан гөрі, оқуын оқып грант иегері атанып ата-аналарында, мектеп ұжымында қуантқаны абзалырақ деді. Ата-аналарға қаражат жинамауларын баса айтып өтті. Бала біздің болашағымыз, сондықтан бала болашағы жарқын болу үшін сіздер мен біздер тығыз байланыста болуымыз керек деді.
2. А.Есенбаева – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. «Балаға жаның ашыса, оны аяма» дегеннің мәні беталды қаталдық емес, ата-ана тарапынан белгілі бір талаптың қойылуы деп ұққан жөн «Бес жасқа дейін патшаңдай төбеңе тұт, он беске дейін құлша жұмсап, мүшел жасынан бастап досыңдай сырлас» деген этнопедагогикалық идеологиялық қағида қашанда өзекті.
Бала өтірік айтуға, теріс қылық жасауға, біреуді балағаттауға, жамандауға,арақ-темекіге жолауға, ұрсысуға, пара беруге, кісіге қиянат жасау, заң бұзуға, тағы

басқа теріс әрекет жасауға болмайтынын айтқаннан гөрі жақсылықтарды көрсетіп жасағаны абзал деп келе ата-аналарға кешкі уақытта балдарын үйден шығармауын, бейімсізгіл жүргізбеуін, назардан тыс қалдырмауларын айтты. Мектеп жасындағы балдардың қолік тізгінінде басқаруға болмайтынын, ата-аналардың баласының қолік басқаруына бей-жай қарамауларын баса айтып өтті.

3. Г.Ахатова –тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Ата-аналарға алтын уақыттарын бөліп,жиналысқа келгендері үшін алғыс айта келіп, бала тәрбиесі баршамызға ортақ іс деді. Қазақта «білім мен тәрбие – егіз» деген сөз бар. Дана халқымыз жастарға жақсы білім беру үшін тәрбие беру мәселесін басты назарда ұстау қажеттігін ертеден білген және оны терең түсінген. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өрененің танымы терең, ділі берік болады» деп, ұрпақ тәрбиесіне жіті көңіл болу қажеттігіне баса назар аударған.

Оқу жылының соңғы айы болғандықтан оқушыларымыз тоғай, көкал, су жағалауына шомылуға, серуенге шығуға, қала сыртына саяхатқа баруға болмайтынын, сонымен қатар кешке сауық-сайран құруға, туылған күн, мерекелік кештерді тойлауға болмайтынын айтты. Жазым аяқ асты демекші қауіп, қатер, қайғылы жағдайлар орын алмауы үшін әр баланы назардан тыс қалдырмауларын айтты.

4.А.Отынбаева- ата-ана. Өз сөзінде күн тәртібінде айтылып жатқан мәселелерге толық келісетінін, басты жауапкершілік ата-аналарда екенін айта келіп, баласына білім, тәрбие беріп отырған мектеп ұжымына алғысын айтты. Қандай жағдай болмасын балдарымыз үшін алаңдап отырған сіздерге рақметіміз шексіз деді.

5.Г.Жүзбаева- ата-ана. Бала жеке ата-ананың емес, қоғамның, мемлекеттің ортақ баласы, сондықтан өз еліне адал қызмет етуі үшін бала тәрбиесінде қателіктер жібермеуіміз керек. Ұл-қыздарымыз осы мектепте оқитын болғандықтан осы мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуы керек деді. Мектеп басшылығымен жасалынып отырған жиналыстағы айтылған, қаралған мәселелермен толықтай келісемін. Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін деп сөзін аяқтады.

6.Ғ.Демеуова – ата-ана. Отбасында тыныштық болса – үйде тыныштық болады; Үйде тыныштық болса – мемлекетте тыныштық болады. Мемлекетте тыныштық болса – әлемде тыныштық болады.

Адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиеттерімен ардақталады. Адамгершілік негізі – ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Халық «Үяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» дейді. Жас шыбық қалай иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да , жаманға да бейім болатыны баршамызға аян. Ата –ананың үйдегі іс –әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор дей келе, балаға үлгі бола аларлықтай отбасы бола білейік деп сөзін аяқтады.

Қаулы етеді:

1.25 мамыр «Соңғы қоңырау» мерекесіне орай, ата-аналар мен мектеп бітіруші түлектерінен қаржы жиналмасын.

2.Өзен, көлдерге, көкалдарға, тоғайға серуенге шығу, қала сыртына саяхаттауға тыйым салынсын.

3.Бала өмір қауіпсіздігін сақтау бойынша жүйелі жұмыстар атқарылсын.

Жиналыс төрайымы: Л.О.Құлмаханбет

Хатшы: Г.Ахатова

«Шардара» мектеп-лицейі бойынша
ата-аналар кеңесінің құрам мүшелері және атқаратын қызметі
2024-2025 оқу жылы

№	Аты-жөні	Кеңесте атқаратын қызметі	Мамандығы, қызмет орны	Мекен жайы, байланыс сымтетігі
1	Лаханов Сәбит	Жалпы ата-аналар кеңесінің төрағасы	«Өскен өңір» газетінің бас редакторы	С. Торайғыров 87027404546
2	Айдарова Жаңылай Зияшқызы	Аудандық аналар кеңесінің төрайымы	Ардагер ұстаз	Шаңырақ мөлтекауданы 87758412646
3	Жаныкұлов Көбейсін	Ата-аналарға, оқушыларға құқықтық тәрбие беруші	ІІІБ-нің қызметкері, мектеп инспекторы	М.Жәлел 10
4	Асабаев Нұрлан	Спорттық іс-шараларды ұйымдастырушы	«Шардара» мектеп-лицейінің дене шынықтыру пән мұғалімі	М.Жәлел 1-4 87072838374
5	Ахментаев Нұрлан	Оқушыларды әлеуметтік қорғаушы	Аудан әкімшілігі бас маманы	Н. Анарқұлов 13
6	Аширбаева Жанар	Жаңұя мен мектеп арасындағы байланысты ұйымдастырушы	«Шардара» мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі	М.Жәлел 1-1 87026032133
7	Қанаев Мейрамбек	Шаруашылық істерін ұйымдастырушы	ҚІЖБ инспекторы	Әл-фараби 17-10
8	Әбілдаев Нұргали	Мектептегі ата-аналармен салауатты өмір салтын калыптастыру	АББ-нің инспекторы	Ақбала 42-2 87002513027
9	Ахатова Гулнур	Ата-аналар кеңесін үйлестірушы	«Шардара» мектеп-лицейінің ДТІЖО	Ә.Ерубаев 15